

Операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 45 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 23 тамызда № 14134 болып тіркелді.

"Пошта туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 12 шілдедегі № 501 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 82) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.05.2025 № 269/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс департаменті (В.В. Ярошенко):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялауды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі*

Д. Абаев

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрінің
2016 жылғы 20 шілдедегі № 45
бұйрығымен бекітілген

Операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) операторды тағайындау және тағайындалған оператордың өкілеттігін кері қайтарып алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Дүниежүзілік пошта одағы – халықаралық пошта жөнелтілімдерімен өзара алмасу үшін аумақтары біртұтас пошта аумағын құрайтын мүше мемлекеттерден тұратын, мақсаты пошта байланыстарын ұйымдастыру мен жетілдіруді қамтамасыз ету және осы салада халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылатын халықаралық ұйым;

2) Дүниежүзілік пошта одағының актілері – Дүниежүзілік пошта одағының Конгресінде Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына сәйкес қабылданатын құжаттар ;

3) пошта саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өз құзыреті шегінде пошта байланысы саласындағы мемлекеттік саясатты, мемлекеттік бақылауды, Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы қызметті үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) пошта операторы – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, пошта қызметі саласында көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

5) тағайындалған оператор – пошта байланысының қызметтерін көрсетуді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Дүниежүзілік пошта одағының актілерінен туындайтын, өздеріне қатысты міндеттемелерді орындау үшін уәкілетті орган тағайындайтын пошта операторы;

6) халықаралық пошта алмасу орны – халықаралық кіріс және шығыс пошта жөнелтілімдерін өңдеу жүзеге асырылатын, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдары

көрсетілген жөнелтілімдерге кедендік бақылау жүргізетін, пошта операторының өндірістік объектісі.

Ескерту. 2-тармақтың 4) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 29.05.2025 № 269/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Операторды тағайындау тәртібі

3. Уәкілетті орган тағайындалған оператормен пошта операторын тағайындау мақсатында пошта операторларынан өтінімдерін қабылдайды. Пошта операторының өтініш беруінің тәртібі туралы ақпарат уәкілетті органның ресми сайтында орналастырылған.

4. Уәкілетті орган пошта операторынан өтініштерді демалыс және мереке күндерінен басқа жұмыс күндері қабылдайды. Уәкілетті органның мекенжайы және байланыс мәліметтері уәкілетті органның ресми сайтында орналастырады.

5. Пошта операторы уәкілетті органға өтінішті осы Қағидалардың қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынады.

6. Пошта операторы өтінішпен бірге мына құжаттарды ұсынады:

пошта байланысының стационарлық (барлық аудандық маңызы бар және одан жоғары мәртебеге ие елді мекендерде), жылжымалы бөлімшелерінің және пошташылардың (барлық аудандық маңызы бар мәртебеден төмен елді мекендерде) саны мен орналасқан жері туралы мәліметтер;

Қазақстан Республикасының барлық елді мекендерінде пошта жәшіктерінің саны мен орналасқан жері туралы мәліметтер;

Қазақстан Республикасының аумағында барлық ауылдық елді мекендерде пошта байланысының қызметтерін ұсыну кезінде қолданылатын пошта бағыттары туралы мәліметтер;

пошта жәшіктерінен хаттарды жинап алу, поштаны тасымалдау, жазбаша хат-хабарды және сауқаттарды жеткізу жылдамдығы және жүйелілігі туралы мәліметтер (хаттарды жинап алу, поштаны тасымалдау, жазбаша хат-хабарды және сауқаттарды жеткізу графиктерін);

пошта пайдалану барлық деңгейлерінде қауіпсіздігі саласындағы қызметін іске асыратын стратегиясын;

дербес деректердің құпиялылығын және қорғауды қамтамасыз ету тәртібінің болуы туралы мәліметтер;

тапсырысты берілген жөнелтілімі, жай жіберілімдер және құндылығы жарияланған жөнелтілімі жоғалған, ұрланған және зақымданған жағдайда өтеу тәртібінің болуы туралы мәліметтер;

пошта жөнелтілімдерінде тыйым салынған заттар мен нәрселерді анықтау мақсатында пошта жөнелтілімдерін ашпай анықтауға мүмкіндік беретін техникалық құралдардың, жабдықтың және бейне фиксация жүйесінің болуы туралы мәліметтер.

7. Уәкілетті органға ұсынылатын, осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттар өтінішпен бірге тігілуге, нөмірленуге және өтініш беруші пошта операторының бірінші басшысының не тиісті растау құжаты болған кезде оны алмастыратын тұлғаның қолымен, сондай-ақ пошта операторының мөрімен расталуға тиіс.

Ұсынылып отырған құжаттар олардың дұрыстығы мен толықтығын растайтын басшысының қолы және пошта операторының мөрімен расталған көшірмелері болып табылады.

8. Пошта операторындағы ұсынылатын құжаттар құпия болған жағдайда, онда ол олардың сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасын ететін арналар бойынша оларды жібереді.

9. Ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілгеніне толық ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті орган құжаттар пакеті түскен күннен бастап екі жұмыс күн ішінде оларды пошта операторына қайтарады.

10. Уәкілетті орган ұсынылған өтініштер және қоса берілген құжаттарды күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей қарастырады.

11. Пошта операторымен осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген мәліметтер анық емес ұсынылған жағдайда, уәкілетті орган күнтізбелік он бес күн ішінде тағайындалған операторға тағайындалған оператор ретінде пошта операторын тағайындаудан себептерін көрсете отырып, жазбаша дәлелді бас тартуын жібереді.

12. Өтінішті қараудың нәтижесі оң болған жағдайда уәкілетті орган күнтізбелік он бес күн ішінде тағайындалған оператор ретінде пошта операторын тағайындау туралы шешім қабылдайды және тағайындалған оператор ретінде өтініш берген пошта операторына тағайындалған оператор ретінде пошта операторына жазбаша хабарлама жібереді.

13. Уәкілетті орган тағайындалған оператор пошта операторын тағайындау туралы бұйрық шығарған күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей пошта қызметін пайдалану және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Дүниежүзілік пошта одағының (бұдан әрі – ДПО) актілерін қолданудан туындайтын міндеттемелерді орындау үшін ресми түрде тағайындалған пошта операторының атауы және мекенжайы туралы ДПО ресми хабарлайды.

Тағайындалған оператор атауы және мекен-жайы жөнінде мәліметтер өзгерсе, уәкілетті органға мәліметтер өзгерген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде ДПО ресми хабарлайды.

Уәкілетті орган күнтізбелік бес күн ішінде тағайындалған оператордың атауы және мекен-жайы жөнінде мәліметтердің өзгергені туралы ДПО ресми хабарлайды.

3-тарау. Тағайындалған оператордың өкілеттіктерін кері қайтарып алу тәртібі

14. Уәкілетті орган жылына 1 реттен жиі емес тағайындалған оператордың оның тағайындалған оператор ретінде қызметін жүзеге асыру барысында ДПО актілерімен және Қазақстан Республикасы аумағында пошта саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамамен белгіленген нормаларды орындауына мониторинг жасайды, сондай-ақ:

1) Қазақстан Республикасының пошта байланысы қызметтерін көрсету саласындағы заңнамасында айтарлықтай өзгерістер болған;

2) тағайындалған оператор тағайындалған оператор ретінде қызметін жүзеге асыру барысында ДПО актілерінен туындайтын және Қазақстан Республикасының аумағында пошта саласындағы Қазақстан Республикасының заңнама нормаларымен белгіленген міндеттемелерін ықтимал сақталмауы туралы куәландыратын деректерді анықтаған жағдайларда жүргізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 21.01.2019 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Алып тасталды – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 21.01.2019 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Уәкілетті орган тағайындалған оператордың өз қызметі процесінде Қазақстан Республикасының пошта саласындағы заңнамасымен және ДПО актілерімен белгіленген нормаларды сақтамау фактісі анықталған жағдайда, уәкілетті орган тағайындалған операторға анықталған бұзушылық туралы хат жолдайды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 21.01.2019 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Тағайындалған оператор анықталған бұзушылық туралы хатты алған сәттен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей анықталған бұзушылықтарды жояды және ол туралы уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 21.01.2019 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Тағайындалған оператор осы Қағидалардың 17-тармақта белгіленген мерзімде анықталған бұзушылықтарды жоймаған жағдайда, уәкілетті орган пошта операторынан тағайындалған оператор өкілеттігін кері қайтарып алу туралы шешім қабылдайды және бұл туралы ресми ДПО және почта операторына хабарлайды.

19. Пошта операторы тағайындалған операторды тағайындауға уәкілетті органға осы Қағидаларға сәйкес өтініш және құжаттарды береді.

Операторды тағайындау және
тағайындалған оператордың
өкілеттіктерін кері қайтарып
алу қағидаларына қосымша

Нысан

(уәкілетті орган)

**Пошта операторын тағайындалған оператор ретінде тағайындауға
арналған өтініш**

(заңды тұлғаның немесе жеке тұлғаның атауы)

Бизнес сәйкестендіру нөмірі / Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Заңды мекенжайы _____

Нақты мекенжайы _____

атынан _____

(заңды тұлғаның басшысының тегі, аты, әкесінің аты)

тағайындалған оператор етіп _____

(пошта операторының атауын көрсету)

тағайындауды сұрайды және сәйкес өтініш беру сәтінде әрекет ететін
тағайындалған оператор үшін белгіленген барлық талаптарға сәйкестігін
растайды

(нормативтік құжаттың атауы және белгілеу)

Қоса берілетін құжаттар:

_____ / _____

Мөр орны

20__ ж. " ____ " _____